

«БЕКІТЕМІН»
«Қазақстан шахмат федерациясы»
РҚБ Атқарушы директоры
Давытова Г.Б.
«_____» _____ 2026 ж.



**Қазақстан Республикасының классикалық шахматтан
балалар кубогының I кезеңі
«Д.А. Қонаевты еске алу – 2026»
ЕРЕЖЕСІ
2026 жылғы 20–28 наурыз, Шымкент қаласы**

1. Мақсаты мен міндеттері

1.1. Қазақстан Республикасының шахматтан балалар кубогы (бұдан әрі – Кубок) келесі мақсаттарда өткізіледі:

- Қазақстан Республикасында шахматты кеңінен насихаттау;
- салауатты өмір салтын дәріптеу;
- Шымкент қаласында балалар мен жасөспірімдер шахматын дамыту;
- жас шахматшылардың спорттық шеберлігін арттыру.

2. Өткізу мерзімі мен орны

2.1. Өткізу орны: Шымкент қаласы, Шымсити шағынауданы, 23/3, «Seitzhan School» жекеменшік мектебі;

2.2. Өткізу мерзімі: 2026 жылғы 20 наурыз (келу күні) – 28 наурыз (кету күні).

3. Жарысты ұйымдастыруға басшылық ету

3.1. Турнирді өткізуге жауапкершілік «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ-ға(ҚШФ), Қазақстан шахмат федерациясының Шымкент қаласы бойынша филиалына және ҚШФ ККО қалыптастырған төрешілер алқасына жүктеледі.

4. Жарысты өткізу тәртібі және қатысушылар

4.1. Кубоктың 1-кезеңі аясында екі турнир өткізіледі:

«А» турнирі – 14 жасқа дейінгі қатысушылар арасындағы жеке турнир (2012 жылы туған және одан кіші);

«В» турнирі – 10 жасқа дейінгі қатысушылар арасындағы жеке турнир (2016 жылы туған және одан кіші).

4.2. Кубок аясында командалық есеп те белгіленеді. Командалар бір облыстан немесе республикалық маңызы бар қаладан 4 адамнан тұрады («А» турнирінен 1 ұл және 1 қыз, «В» турнирінен 1 ұл және 1 қыз). Ұл баланы қыз баламен ауыстыруға рұқсат етіледі.

4.3. Турнирлер ФИДЕ ережелеріне сәйкес 9 турдан тұратын швейцариялық жүйе бойынша өткізіледі және халықаралық рейтинг есептеледі.

4.3.1. Жеребе Swiss-Manager бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

4.4. 14 жасқа дейінгі турнирге I және II разрядты шахматшылар жіберіледі. III, IV разрядты және разряды жоқ шахматшылар қала/облыстың аға жаттықтырушысының өтініші бойынша қатыса алады.

4.4.1. 10 жасқа дейінгі турнирге разрядына қарамастан барлық шахматшылар жіберіледі.

4.4.2. Разряды жоқ қатысушылар тек «B» турниріне ғана қабылданады.

4.4.3. Кубокқа қатысушылардың ең көп саны – 350 адам (екі турнирді қоса есептегенде).

Өтінімді ертерек бергендерге басымдық беріледі.

4.4.4. FIDE рейтингі жоқ шахматшылар үшін жарна – 10 000 теңге;

4.4.5. FIDE рейтингі 1400-ден жоғары (классика) шахматшылар үшін – 7 000 теңге;

4.4.6. FIDE рейтингі 1900-ден жоғары (классика) шахматшылар үшін – 5 000 теңге;

4.4.7. Рейтинг 2026 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша есепке алынады.

4.5. ҚШФ жаттықтырушылар кеңесінің шешімімен және негізді себептер болған жағдайда қосымша қатысушыларды турнирлік жарнасыз қабылдау құқығын өзінде қалдырады.

4.6. Қатысушылардың бастапқы тізімін қалыптастыру жөніндегі соңғы шешімді ҚШФ қабылдайды.

4.7. Уақыт бақылауы: әр партияға 60 минут және бірінші жүрістен бастап әр жасалған жүріске 30 секунд қосылады.

5. Бағдарлама

5.1. Турлар кестесі:

Күні	Іс-шара
20.03.2026	Қатысушылардың келуі 12:00 – 18:00 – қатысушыларды аккредитациялау 19:00 – техникалық кеңес 20:00 – төрешілер алқасының отырысы
21.03.2026	10:00-10:45 – ашылу салтанаты 11:00-15:00 – 1 тур
22.03.2026	10:00-14:00 – 2 тур 16:00-20:00 – 3 тур
23.03.2026	10:00-14:00 – 4 тур
24.03.2026	10:00-14:00 – 5 тур
25.03.2026	10:00-14:00 – 6 тур 16:00-20:00 – 7 тур
26.03.2026	10:00-14:00 – 8 тур
27.03.2026	10:00-14:00 – 9 тур
27.03.2026	17:00 – жабылу салтанаты
28.03.2026	қайту күні

** Турлар кестесі турнирдің төрешілер алқасының шешімімен өзгертілуі мүмкін.*

6. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

6.1. Жеңімпаздар барлық партияларда жинаған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады.

Ұпай тең болған жағдайда келесі қосымша көрсеткіштер қолданылады:

а) Қысқартылған Бухгольц коэффициенті (ең төмен нәтиже есепке алынбайды);

б) Бухгольц коэффициенті;

с) Жеңістер санының көптігі;

d) Жеке кездесу (егер тең ұпай жинағандардың барлығы бір-бірімен ойнаған болса).

6.1.1. Командалық есептегі жеңімпаз барлық команда мүшелерінің жинаған ұпайларының сомасы бойынша анықталады. Ұпай тең болған жағдайда «А» турнирінде жоғары орын алған қатысушысы бар команда жеңімпаз деп танылады.

6.2. Кубоктың 1-кезеңінің жүлде қоры – 4 000 000 (төрт миллион) теңге.

6.3. Жүлде қоры келесідей бөлінеді:

Негізгі жүлделер (2 170 000 теңге)

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	14 жасқа дейінгі ұлдар	250 000
2 орын	14 жасқа дейінгі ұлдар	150 000
3 орын	14 жасқа дейінгі ұлдар	100 000
4 орын	14 жасқа дейінгі ұлдар	80 000
5 орын	14 жасқа дейінгі ұлдар	70 000

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	14 жасқа дейінгі қыздар	250 000
2 орын	14 жасқа дейінгі қыздар	150 000
3 орын	14 жасқа дейінгі қыздар	100 000
4 орын	14 жасқа дейінгі қыздар	80 000
5 орын	14 жасқа дейінгі қыздар	70 000

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	10 жасқа дейінгі ұлдар	150 000
2 орын	10 жасқа дейінгі ұлдар	100 000
3 орын	10 жасқа дейінгі ұлдар	75 000
4 орын	10 жасқа дейінгі ұлдар	60 000
5 орын	10 жасқа дейінгі ұлдар	50 000

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	10 жасқа дейінгі қыздар	150 000
2 орын	10 жасқа дейінгі қыздар	100 000
3 орын	10 жасқа дейінгі қыздар	75 000
4 орын	10 жасқа дейінгі қыздар	60 000
5 орын	10 жасқа дейінгі қыздар	50 000

Қосымша жүлделер (1 830 000 теңге)

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	12 жасқа дейінгі ұлдар	125 000
2 орын	12 жасқа дейінгі ұлдар	75 000
3 орын	12 жасқа дейінгі ұлдар	50 000
4 орын	12 жасқа дейінгі ұлдар	40 000
5 орын	12 жасқа дейінгі ұлдар	30 000

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	12 жасқа дейінгі қыздар	125 000
2 орын	12 жасқа дейінгі қыздар	75 000
3 орын	12 жасқа дейінгі қыздар	50 000
4 орын	12 жасқа дейінгі қыздар	40 000
5 орын	12 жасқа дейінгі қыздар	30 000

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	8 жасқа дейінгі ұлдар	100 000
2 орын	8 жасқа дейінгі ұлдар	75 000
3 орын	8 жасқа дейінгі ұлдар	50 000
4 орын	8 жасқа дейінгі ұлдар	40 000
5 орын	8 жасқа дейінгі ұлдар	30 000

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	8 жасқа дейінгі қыздар	100 000
2 орын	8 жасқа дейінгі қыздар	75 000
3 орын	8 жасқа дейінгі қыздар	50 000
4 орын	8 жасқа дейінгі қыздар	40 000
5 орын	8 жасқа дейінгі қыздар	30 000

Командаға:

Нәтиже	Санат	Сума (теңге)
1 орын	Командалық есеп	200 000
2 орын	Командалық есеп	140 000
3 орын	Командалық есеп	110 000
4 орын	Командалық есеп	80 000
5 орын	Командалық есеп	70 000

6.4. Барлық ақшалай жүлделерден ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салықтар ұсталады.

6.5. Жүлделер мен кубоктар бөлінбейді.

6.6. Жүлделі үштікке енген спортшылар медальдармен және дипломдармен марапатталады.

6.7. Бірнеше номинацияда жүлде алған спортшы тек бір – ең жоғары жүлдені алады.

6.8. Жүлделерді төлеу турнир аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

6.9. Команда капитандарына жүлде тапсыру және төлеу – қатысушылардың келісімі бойынша.

7. Жарысты өткізуге байланысты шығындар

7.1. ҚШФ жарысты өткізу бойынша келесі шығындарды көтереді:

- Төрешілер алқасының жұмысын төлеу;
- Шақырылған төрешілер алқасы мүшелерінің тұруы мен тамағы;
- Мобилографтың жұмысын төлеу.

7.2. ҚШФ Шымкент қаласы бойынша филиалы келесі шығындарды көтереді:

- Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан федерацияларынан шақырылған спортшылардың тұруы мен тамағы;

- Қосарланған турлар күндері төрешілер алқасының толық құрамын тамақтандыру;

- Жабдықтар мен жиһазды тасымалдау.

7.3. «Tamerlan Group AG» ЖШС келесі шығындарды көтереді:

- 4 000 000 теңге мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі блиц турнирі үшін 1 000 000 (жеке жарнамен) теңге көлеміндегі қосымша жүлде қорын қамтамасыз ету;

- Жарнамалық және полиграфиялық өнімдерге жұмсалатын шығындар;

- Кубоктар мен медальдарды ұсыну.

7.4. Жол жүру, тамақтану және тұру шығындарын жолдаушы ұйымдар немесе қатысушылардың өздері көтереді.

7.5. Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы келесілерді қамтамасыз етеді:

- Жүргізушілер мен мерекелік бағдарламамен турнирдің ашылу және жабылу рәсімдерін ұйымдастыру;

- Волонтерлер;

- Шақырылған турнир қатысушыларына трансфер;

- Бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы;
- Өрт сөндіру қызметінің, полиция мен жедел жәрдемнің болуы

8. Өтінімдерді қабылдау және қосымша ақпарат

8.1. Өтінімдер Қазақстан шахмат федерациясының <https://kazchess.kz> сайтында «Турнирлерге тіркелу» бөлімінде қабылданады.

8.2. Ұйымдастыру комитеті белгіленген мерзімнен кеш өтінім берген қатысушыларға бас тарту құқығын өзінде қалдырады.

8.3. Турнирге қатысудан бас тартқан жағдайда жарна қайтарылмайды.

8.4. Ұйымдастырушы комитет Ережеде көрсетілген қатысушылар саны (350 адам) толық жиналған жағдайда, белгіленген мерзімге дейін (2026 жылғы 10 наурыз) өтінім қабылдауды тоқтатуға құқылы.

8.5. Тіркеудің расталуы – қатысушының chess-result.com сайтындағы бастапқы тізімге енгізілуі болып табылады.

8.6. Қатысушылардың аккредитацияға келуі міндетті. Келмеген жағдайда ұйымдастырушылар қатысушыны 1-турдың жеребесіне қоспауға құқылы.

8.7. Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан федерацияларының командаларына сұраныс бойынша турнир кезеңінде тұру қамтамасыз етіледі.

9. Апелляция

9.1. Даулы мәселелерді шешу үшін техникалық жиналыста келесі құрамда Апелляциялық комитет (АК) сайланады (тағайындалады): төраға, екі негізгі мүше және екі қосалқы мүше.

9.2. Ойыншы төрешілер алқасының кез келген шешіміне партиясы аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей, 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде ақшалай кепіл енгізе отырып, АК-ке жазбаша түрде апелляция бере алады.

9.3. АК шешімі түпкілікті болып табылады.

9.4. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда ақшалай кепіл толық көлемде қайтарылады.

9.5. Егер АК апелляцияны негізсіз деп таныса, кепіл қайтарылмайды.

10. Қатысушылардың, жаттықтырушылардың және еріп жүруші тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Қатысушылар ФИДЕ ережелері мен осы регламентке сәйкес ойнауға міндетті.

10.2. 2020 жылы туған және одан кіші ойыншыларды қоса алғанда, барлық қатысушылар үшін партия жазу міндетті.

10.3. Партия жазбаған қатысушыға төреші тарапынан екі ескерту жасалғаннан кейін жеңіліс есептеледі. Қайталанған жағдайда келесі турда қатысушы жарыстан шығарылады.

10.4. Қатысушылар, жаттықтырушылар және ілесіп жүретін тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық орындарда мінез-құлық пен әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

10.5. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, жанжал тудыруға әдейі себепкер болған және өзге де тәртіп бұзушылықтар жасаған жағдайда қатысушы жарыстан шеттетіледі. Осындай бұзушылықтар жаттықтырушылар немесе ілесіп жүретін тұлғалар тарапынан орын алса, олар Кубокта болу құқығынан айырылады.

10.6. Кубок қатысушылары келесі құқықтарға ие:

- Апелляциялық комитетке жүгіну;
- Турнир залында алғашқы медициналық көмек алу.

10.7. Қатысушыларда FIDE ID нөмірі болмаған жағдайда, ол жарыстан кейін автоматты түрде беріледі.

10.8. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабына, сондай-ақ «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес, қатысушы ҚШФ-ка келесі әрекеттерге келісім береді:

- Ұйымдастырушы және/немесе ҚШФ атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалар тарапынан қатысушының бейнесін (фото және/немесе бейне), сондай-ақ турнирге қатысу процесін фото және бейне түсіру;

- Қатысушының есімін пайдалану;

- Қатысушының бейнесін жариялау, көбейту және тарату;

- Турнир барысында алынған аудио-, бейне-, фотоматериалдарды мерзімі мен аумағына шектеусіз кез келген тәсілмен пайдалану, соның ішінде оларды өңдеу және үшінші тұлғаларға беру.

10.9. Осы келісім қатысушы тарапынан өтеусіз негізде, мерзімсіз беріледі және қатысушы ҚШФ қандай да бір өтемақы талап етуге құқылы емес.

11. Античитерлік шаралар

11.1. Жарыс барысында шешімі түпкілікті болып табылатын Античитерлік комиссия жұмыс істейді.

11.2. Адал ойын қағидаларын бұзғаны үшін әшкереленген ойыншыны ҚШФ өткізетін турнирлерден кейінгі дисквалификациялау мәселесі ҚШФ-ның Этика комиссиясының қарауына шығарылады.

12. Байланыс ақпараты

Турнир директоры	Сейтжамал Супбаев +7-701-311-55-99
Турнирдің бас төрешісі	Тимур Касымов +7-777-455-88-44
ҚШФ жауапты координаторы	
Турнир хатшысы	Иван Мезенцев +7-705-152-48-48